

стратегии исследования, вносить необходимые коррективы с учетом объективных и субъективных обстоятельств.

Список литературы:

1. Жлобин С.П., Чернякевич И.С. Полевая этнография (Теория и практика полевых исследований). – Брест: БрГУ, 2015. – 232 с.
2. Татарова Г.Г. Методология анализа данных в социологии: учебник для вузов. – М.: NJTA BENE, 1999. – 224 с.
3. Горшков М.К., Шереги Ф.Э. Прикладная социология: методология и методы: интерактивное учебное пособие. – М.: Альфа-М, 2012. – 402 с.
4. Арутюнян Ю.В., Дробизева Л.М., Сусоколов А.А. Этносоциология. Учебное пособие для вузов. – М.: Аспект-Пресс, 1999. – 271 с.
5. Дружинин Н.К. Выборочное наблюдение и эксперимент. – М.: Статистика, 2009. – 176 с.
6. Бутенко И.А. Анкетный опрос как общение социолога с респондентами: Учебное пособие. – М.: Высшая школа, 1998. – 176 с.
7. Шкляр М.Ф. Основы научных исследований: учебное пособие. 4-е изд. – М.: Дашков и К, 2013. – 240 с.
8. Штейнберг И., Шанин Т., Ковалев Е. Качественные методы. Полевые этнологические исследования. – СПб.: Алетейя, 2014. – 352 с.
9. Семенова В.В. Качественные методы: введение в гуманистическую социологию. – М.: Добросвет, 1998. – 289 с.

Қамзин К.

### «ЖУРНАЛИСТИКАҒА КІРІСПЕ» ПӘНІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕГІ КЛАССИКАЛЫҚ ӨНЕР ҮЛГІЛЕРІНІҢ РӨЛІ

Қазіргі білім беру саласындағы аумалы-төкпелі реформалар, ілгері-кейінді ізденістер белен алып тұрған заманда орнықты әдіснаманың, жібі түзу методиканың жөні өз алдына бір бөлек. Ендеше, Шығыс пен Батыс менталитеттері қиюласуына сыни көзбен зер сала жүріп, сан сапалы мәдениеттер ұласымы заңдылықтары мен тенденцияларын іріктей-сұрыптай отырып, сауатты да қажетті таңдау жасау бізге – білім және ғылым саласы қызметкерлеріне зілбатпан жауапкершілік жүктейтіні бесенеден белгілі. Ұстаздың үйрету шеберлігі, оқытушының білім нәрін сіңіру тәсілі, дер кезіндегі меңзеуі мен тұспалы, оның болжампаздық қабілеті жас ұрпақ өмірлік жолының, болашақ жас маман дүниетанымының айқындалуына себепкер болмақ. Кәсібиліктің, іскерліктің негізі, сүйтіп, осы бастан қалана бастайды. Осы ретте зәрулік, кокейтестілік проблемасы ұлтты өркендету үдерісі мен мемлекеттік стратегиялық даму саясатымен қабысып жатады, осылардың аясындағы әр оқытушының өзіндік сабақ беру, пәнді ұғындыру тәсілінің бағасы күннен-күнге арта түседі. Методика дегеніміз – сабақ өткізудің стратегиялық және тактикалық мүмкіндігі, әр оқытушының өзіне ғана тиесілі стилі, білім кешені, технология мен туындыгерлігінің бітеқайнасуы. Ол да ұлы композиторлар шығармаларын өзінше интерпретациялауға, өзінше «сызылтуға» тырысқан дәулескер музыкант, виртуозға ұқсайды. Демек, даралығы қалыптасқан оқытушы әдіс-тәсілін қаз-қалпында қайталау мүмкін емес, оның үстіне ол өзгеше шеберлік мектебі – жеке тұлғаның зияткерлік меншігі. Оны басқа жанның көшірмелеуі, сканерлеуі этикалық жағынан да, құқықтық жағынан да әбестік деп саналады.



«Журналистикаға кіріспе» пәнін оқыту барысында біз де белгілі бір дәрежеде қалыптасып үлгерген, әлі де жетілдіру жолындағы өзіндік әдіс-әрекетімізге жүгінеміз. Ең алдымен университет табалдырығынан аттаған шәкірттердің білім деңгейі, өмірлік тәжірибесі қалай, мәдениеті қандай деңгейде, классикалық өнер туындыларын олар жыға тани ала ма сияқты сауалдарға жауап іздейміз. Мұның өзін олардың білім салмағы мен эстетикалық танымын анықтау тесті десе де болады. Ал осылардың жиынтығын, бір арнаға тоғысуын біз студенттердің ой-сана конвергенциясы дейміз. Мұндай әртекті, әрқилы конвергенция сипатын жіті бажайлағаннан кейін оқытушы жалпыға ортақ әрі ақпараттық, әрі өнертанушылық, әрі әлеуметтік-коммуникациялық ыңғайдағы тапсырмаларын (СОӨЖ) ортаға салады. Солардың бірі – Голливудтың 1953 жылы түсірілген, бірнеше мәрте «Оскар» сыйлығын алған «Рим демалысы» көркемсуретті фильмі. Оны таңдап алудың да өзіндік себептері бар. Біріншіден, фильмнің басты кейіпкерлерінің бірі – журналист. Екіншіден, бұл фильмнің Travel-журналистикаға тікелей қатысы бар. Үшіншіден, Рим үлгісі, «мәңгі қаланың» тыныс-тіршілігі, қарапайым адамдар қарым-қатынасы, алғашқы сезім, бекзаттар тәлім-тәрбиесі, баспасөз қызметкерлерінің күнделікті күйбеңі әсерлі де нанымды алға тартылады. Аталмыш фильмді көру, талдау арқасында студенттер жаңа бір, бейтаныс әлемге бойлағандай күй кешеді, жүріс-тұрыс мәдениетін көкейге түйеді, рольдерді сомдау шеберлігіне тәнті болады (Одри Хэпберн, Грегери Пек), журналистердің ресми адамдармен кездесуінің өзіндік

и субъективных  
Брест: БрГУ, 2015. –

99. – 224 с.  
ное пособие. – М.:

М.: Аспект-Пресс,

сшая школа, 1989.

с  
– СПб.: Алетейя,

98. – 289 с.

## ЫҚ ӨНЕР

н алып тұрған  
ғыс пен Батыс  
ылықтары мен  
ғылым саласы  
ту шеберлігі,  
кабілеті жас  
Кәсібиліктің,  
емасы ұлтты  
аясындағы әр  
ді. Методика  
тиесілі стилі,  
ларын өзінше  
ек, даралығы  
ше шеберлік  
жағынан да,



ген, әлі де  
ан аттаған  
лық өнер  
мағы мен  
суын біз  
тын жіті  
еуметтік-  
тың 1953  
ы тандап  
иден, бұл  
тіршілігі,  
ерлерінің  
уденттер  
і сомдау  
і өзіндік

тібін ұғады. Бір сөзбен айтқанда, жалпы журналистикаға, халықаралық журналистикаға, журналист  
мандығына деген ынтазарлықтары, құмарлықтары арта түседі.



Анна ханшайымның журналистер корпусымен танысуы әрі қимай қоштасуы. Реалистік бояуды қанықтыра  
түсу үшін бұл түсірілме француздың «Le Figaro» газетінің журналисі Морис Монтабо, Испанияның «La  
Vanguardia» басылымының тілшісі Хулио Морионес қатысқан.

Қарапайым халық тіршілігін көруді аңсаған Анна ханшайым мен «American News Service» агенттігінің  
репортёрі Джо Брэдли «Vespa» мотороллерімен Рим көшесімен жүйткіп келеді.

Фильмнің әсері болар, осы жердегі құбыжықтың аузына қолдарын сұғып, өтірік-шынды анықтау үшін ткен  
жылдары менің біраз шәкірттерім Римге барып қайтты.

Аксүйектер шеруін, жүріс-тұрысын біздің студенттер де жақсы білуге тиіс. Анна ханшайым мен өз елінің  
Италиядағы елшісі бал салтанатында.

«Журналистикаға кіріспе» пәнінің арнаулы бағдарламасы бойынша жүргізілетін дәрістеріне қоса СӨЖ-ге  
кіретін осындай тапсырмалар студенттің ой өрісін кеңейтеді, интеллектуалдық шама-шарқын еселей түседі.

Журналистика құбылысының табиғи ортамен, әлеуметтік үдерістермен қайтарымды байланысын нақты  
нындыру үшін біз кеңестік кезеңде дүниеге келген кинотуындыға назар аударуды жөн көрдік. Ол – 1967 жылы  
«Мосфильм» киностудиясында түсірілген екі бөлімді «Журналист» фильмі. Көркем туындының қоюшы-  
режиссёры С.А. Герасимов бұл түсірілме негізінен өз шәкірттерін жұмылдырған. Мәселен, В. Шукшин, Ю.  
Васильев, Г. Польских, Ж. Болотова, В. Теличкина, С. Никоненко сияқты дарынды киноактерлердің есімдерін  
итасак та жеткілікті. Танымал өнер қайраткерінің бұл өнегесінен, әлбетте, біз де үлгі алумыз керек, өзіміздің  
төл шығармашылық жобаларымызға, ғылыми ізденістерімізге көкіректерінде оты бар шәкірттерімізді тартып  
отырудан біз ұтпасак, еш ұтылмаймыз.



Тәжірибелі, сақа журналист ролін орындаған В. Шукшин мен жас қаламгердің ролін сомдаған Ю. Васильев  
редакция дәлізінде өткір проблемалық тақырыпты талқылауда.

Әрине, алыс ауылдардан келген, бөгде тілді жете меңгермеген студенттерге бұл туындылардың ішкі иірімін,  
астарлы диалогтарды, көзге шалынбас идеяларды жыға тану тым қиынға соғады. Сондықтан бұл  
шығармалардың эстетикалық, көркемдік қырын танумен қоса оның тіл үйрену, басқа елдің мәдениетін тану  
мектебі екенін баса көрсеткіміз келеді. Сонымен қатар студенттер кеңестік кезеңдегі журналистикаға тән –  
редакцияның ішкі ауаны, еңбекшілер хаттарымен жұмыс істеу, жергілікті жерден түскен дабылға құлақ асу,  
іссапарлар нәтижелілігі, баспасоз қызметкерлерінің этикасы, журналист қауымының корпоративтілігі сынды  
мәселелерге көңіл бөледі. Мәдени игіліктен өз керегіне жарар дүниені алуға, көз алдында өтіп жатқан  
құбылысқа сауатты талдау жасауға қатысты шешімдер бойынша оқытушы студенттерге бетпе-бет әңгіме  
кезінде бағыт-бағдар сілтейді.

Мәскеулік журналист «Горноуральский рабочий» газетінің редакциясында. Ю. Алябьев (Ю. Васильев), В.  
Королькова (В. Теличкина), А. Реутов (С. Никоненко).



«Журналист» фильмінде эпизодтық рольді режиссердің өзі де ойнайды. Солдан оңға қарай: француз кино жұлдызы Анни Жирардо, америка журналисі Сид Бартонның ролін орындаған А. Крыжанский және С. Герасимов.

Париждегі ыссапарында журналист Ю. Алябьев әйгілі эстрада әншісі Мирей Матьенің репетициясын коруте мүмкіндік алады. Біздің француздың «Ұсталмаған – ұры емес» («Ni vu...Ni connu») классикалық комедиясын шәкірттерімізге ұсынудың өзіндік себептері бар. Оған түрткі болған америка психологы Джон Стейси Адамстың «Әділет теориясы» («Equity Theory») атты зерттеуі. Оның еңбек мотивациясы, мотивация құралдары, әлеуметтік ықпалдасу сынды ұстанымдары «Журналистикаға кіріспе» пәніндегі қисындармен, «Ұсталмаған – ұры емес» фильміндегі қоғамдық проблемалармен тығыз қабысып жатады. Бір ғажабы, сонау 1958 жылы түсірілген, бірақ біздің түсінікке, біздің ұғымға, қазақ тіліне бір табан жақын тақырыптың студенттер қауымын да қызықтыра алатынын байқадық. Олар ХХІ ғасырдағы әлеуметтік реалийді, заң мен мораль бірлігін, рыноктық қарым-қатынас пен қажеттілік санасын салыстыруға мүмкіндік ала алады, компаративистика әдісінің алғашқы тәлімдерімен танысады. Қылығы мен істеп жүрген ісі Монпаньяр қаласындағы ресми тәртіпке сай келмесе де Луи де Фюнес орындаған Блероны қарапайым халық неге жақсы көреді? Жас шәкірттер осы сауалға жауап іздейді, кейіпкер образын актерлік шеберліктен бөліп қарамауды аңғарады, талант пен дарынсыздықтың, әлеуметтік теңдік пен теңсіздіктің ара-жігін ажырата білуді үйренеді. Фильмге қатысушы актерлардың табиғи райды сәтінетпегеніне, творчестволық құрам тіл табысқан тұтас бір ансамбльге айналғанына, жаратылыс, қала архитектурасы мен оқиға барысының үйлесім тапқанына, тақырып динамикасынан пәлендей шашау шықпағанына, француздар психологиясындағы іс-қимыл және диалогтық юмор мен сатираның жымдасып жатқанына көрермен жастар тәнті болады.

Қазіргі заманның сәні боп жүрген PR тәсілі де осы фильмде жарқырай көрінеді. «L'eveil de la Monpan'ya» («Ұйқыдан оянған Монпаньяр») атты қалалық газеттің ықпал-әсерінің нәтижесінде жазықсыз түрмеге түскен Блероны қорғаушылардың саны көбейеді, ол бір қаланың ұлттық қаһарманына айналады. Онымен қала мэрі, жоғарғы қауым да санаса бастайды. Бір сөзбен айтқанда, кешегі «басбұзар» бүгіндері халық қошаметіне бөленеді. Мұның бәрі әлеуметтік қарым-қатынастар шарпысы, жас музыкант пен шарап өндіруші магнат қызының арасындағы махаббат қызығы мен шыжығы, жалпы жұртшылық сүйіктісі Блеро мен әкімшілік өкілі жандарм Паржудың күлкілі қақтығысы арқылы жеңіл әжуамен кестеленеді.




Блеро – Луи де Фюнес өзін кафеде де астарлы пиарлайды.

Монпаньяр қаласының абақтысы да мейманханаға ұқсайды. Түрме бастығы – Пьер Монди, қапасқа қамалған – Луи де Фюнес.

Қалалық газет редакторы, қала мэрі және Блеро балық аулау жарысында. Жандарм Паржу сот процесі кезінде Блероға жала жаба алмай қобалжып тұр.



Студентке «Журналистикаға кіріспе» пәнін оқытқанда, онын араласар айналасын сөз етпей кету мүмкін. Өйткені журналистика жаратылыс дүниесінің бәрімен тілдеседі.



И. Айвазовскийдің «Қара теңізі». Жапон суретшісі Кацусика Хokusайдың «Канагава маңындағы теңіз толқынында» гравюрасы.

Жоғарыда репродукциялары берілген ұлы суретшілердік екі полотнаны қарастырғанымызда, ең алдымен олардың тол мәнерлеріне, теңіз стихиясын беру тәсілдеріне көңіл аударылады. Толассыз қозғалыс, кейде алапат, кейде мамыражай әлем картинасы сөз болады. Расында да, болмысы әртүрлі мәдениеттердің құбылыс, факті, оқиғаларды игеру, аудиторияға ұсыну өзгешеліктері көзге ұрып тұрады. Яғни өзіндік қолтаңба, өзіндік стиль дегеніміздің өзі – осы. Ал, болашақ қаламгерге өзіндік даралық, өзіндік жазу стилі керек екені осындай әмістер арқылы да жеткізіледі.

Опера мен балет салаларынан түсінігі мол жұртшылық ол өнердің бойында адамға әсер етер бояулардың мол екендігін жақсы біледі. Опера мен балет тек музыка тіліне, вокалдық мүмкіндікке, прималар биіне ғана сүйенбейді, оның органикасында суретші картинасы (сценография), костюмография, сан түрлі құрал-жабдық, жеке тағдыр эпизодтары, драма/трагедия элементтері пайдаға асып жатады, публицистика, тарихи фактілер, идеологиялық-насихаттық сарындар молынан жүреді. Сондай опералардың бірі – А. Бородиннің «Князь Игорь». Осындай эпикалық симфонизм арқылы ұлттық «мен», бұқараға жағымды идеологиялық және тарихи стандарттар қалыптасады, мифтер балталаса бұзылмайтын ақиқатқа айналып жатады. Әрине, бұл операдан мәдениеттер тоғысын, Ұлы дала мен Русияның саяси-әлеуметтік қарым-қатынасын, кімге-кім бағынышты болғанын, кімнің сюзерен, кімнің вассал екенін қазір именбей аңғару онша қиын емес. Мұның арғы жағында талай түркологиялық шиленісті мәселелер тұрғаны және белгілі.



Және бір қосарымыз – дыбысты сезіну, үнді ұғыну, сазды қабылдау, бояу ишарасын қалт жібермеу – үлкен қасиет. Ондай қасиет жас журналистке де, көсемсөздің шығармашылық технологиясын екшеп жүрген мамандарға да аса қажет. Жинақтай айтқанда, заманалы журналистика өзінің синтездік сипатын осындай қиялардан бір байқап көргені абзал. Ол да журналистика мен өнердің бірін-бірі байытуы, жетелеуі, жетілдіруі дер едік.

«Князь Игорь» операсындағы қыпшақтар лагері. И. Билибин декорациясынан эскиз. «Князь Игорь» операсы, «Қыпшақтар биі». Бұл операда, мамандардың айтуынша, қазақ әуендерінің толқын-толқын иірімдері, ащы зардай жусан иісі, дала ерлерінің мәрт мінезі мен мұңдалап тұрады. Ол сипаттарды томендегі сахналық жүйелесуден-ақ анық байқауға болады.

| №№ | Акт                                  | Бөлімнің аталымы                                             | Басталған мезгілі | Аяқталған мезгілі | Композитор                  | Оркестрге түсіруші                 |
|----|--------------------------------------|--------------------------------------------------------------|-------------------|-------------------|-----------------------------|------------------------------------|
|    | —                                    | Увертюра                                                     | 1887              | 1887              | Глазунов                    | Глазунов                           |
|    | —                                    | Пролог: Интродукция                                          | 1876              | 1885              | Бородин                     | Бородин                            |
| 2a | 1- акт, 1- көрініс                   | Вл. Галицкий сарайындағы көрініс. Хор                        | 1875              | 1875              | Бородин                     | Римский-Корсаков                   |
| 2b | 1- акт, 1- көрініс                   | Вл. Галицкийдің речитативі мен әні                           | 1879              | 1879              | Бородин                     | Бородин                            |
| 2c | 1- акт, 1- көрініс                   | Вл. Галицкийдің речитативі                                   | —                 | —                 | Бородин                     | Римский-Корсаков                   |
| 2d | 1- акт, 1- көрініс                   | Қыздар хоры және көрініс                                     | —                 | —                 | Бородин                     | Римский-Корсаков                   |
| 2e | 1- акт, 1- көрініс                   | Көрініс: Скула, Ерошка                                       | —                 | —                 | Бородин                     | Римский-Корсаков                   |
| 2f | 1- акт, 1- көрініс<br>Акт 1, сцена 1 | Вл. Галицкийдің құрметіне арналған князь әні.: Скула, Ерошка | 1878              | 1878              | Бородин                     | Римский-Корсаков                   |
| 2g | 1- акт, 1- көрініс                   | Хор                                                          | Дерек жок         | Дерек жоқ         | Бородин                     | Римский-Корсаков                   |
| 3  | 1- акт, 2- көрініс                   | Ярославнаның ариозасы                                        | 1869              | 1875              | Бородин                     | Римский-Корсаков                   |
| 4  | 1- акт, 2- көрініс                   | Ярославнаның қыздармен көрінісі                              | 1879              | 1879              | Бородин                     | Бородин                            |
| 5  | 1- акт, 2- көрініс                   | Ярославнаның Вл. Галицкиймен көрінісі                        | 1879              | 1879              | Бородин                     | Римский-Корсаков                   |
| 6  | 1- акт, 2- көрініс                   | Финал 1-го действия: Ярославна, Галицкий, Хор                | 1879              | 1880              | Бородин                     | Римский-Корсаков                   |
| 7  | 2- акт                               | Қыпшақ қыздарының хоры                                       | —                 | —                 | Бородин                     | Римский-Корсаков                   |
| 8  | 2- акт                               | Қыпшақ қыздарының биі                                        | —                 | —                 | Бородин                     | Римский-Корсаков                   |
| 9  | 2- акт                               | Кончаковнаның каватинасы                                     | 1869              | 1869              | Бородин                     | Бородин                            |
| 10 | 2- акт                               | Көрініс, хор: Кончаковна, хор                                | 1887              | 1887              | Римский-Корсаков / Глазунов | Римский-Корсаков / Глазунов        |
| 11 | 2- акт                               | Владимир Игоревичтің речитативі мен каватинасы               | 1877              | 1878              | Бородин                     | Бородин                            |
| 12 | 2- акт                               | Кончаковна мен Владимирдің дуэті                             | 1877              | 1878              | Бородин                     | Римский-Корсаков                   |
| 13 | 2- акт                               | Кнзь Игорьдің ариясы                                         | 1881              | 1881              | Бородин                     | Римский-Корсаков                   |
| 14 | 2- акт                               | Игорь мен Овлурдың көрінісі                                  | —                 | —                 | Бородин                     | Римский-Корсаков                   |
| 15 | 2- акт                               | Кончак ханның ариясы                                         | 1874              | 1875              | Бородин                     | Бородин                            |
| 16 | 2- акт                               | Речитатив, хор мен көрініс: Игорь, Кончак                    | —                 | —                 | Бородин                     | Римский-Корсаков                   |
| 17 | 2- акт                               | Хор және қыпшақтар биі                                       | 1869              | 1875              | Бородин                     | Бородин / Римский-Корсаков / Лядов |
| 18 | 3- акт                               | Қыпшақтар маршы                                              | 1869              | 1875              | Бородин                     | Бородин / Римский-Корсаков         |
| 19 | 3- акт                               | Кончак ханның әні                                            | —                 | —                 | Глазунов                    | Глазунов                           |
| 20 | 3- акт                               | Речитатив, хор және көрініс                                  | —                 | —                 | Бородин                     | Глазунов                           |
| 22 | 3- акт                               | Речитатив: Овлур, Игорь                                      | 1888              | 1888              | Глазунов                    | Глазунов                           |
| 23 | 3- акт                               | Трио: Игорь, Владимир, Кончаковна                            | —                 | 1888              | Бородин / Глазунов          | Глазунов                           |
| 24 | 3- акт                               | 3-әрекеттің финалы: Кончаковна,                              | 1884              | —                 | Бородин                     | Глазунов                           |

|    |   |
|----|---|
| 25 | 4 |
| 26 | 4 |
| 27 | 4 |
| 28 | 4 |
| 29 | 4 |

«Князь»  
Қазан  
сауатты  
байлам  
пәніне  
шәкіртте

«И

Әл  
қалыпта  
жүйесін  
қатысты  
салысты  
ғасырла  
«Ислам  
ішінде  
оқытуда  
мәселес  
басқа д  
анықтау  
Ата.  
жоспар  
мәселес  
беталы  
XX ғас  
рухани  
Рухани  
жасауд  
Соңғы  
жатқан  
ұлтшы.  
өздерін  
ішінде  
ғана е

Қал  
дінара  
шарал  
діндер  
«Біртү  
да бол  
дінгек  
уақыт  
Бүгінд  
барлы  
жерінд  
Дін  
терені  
қараст  
де жел  
мен қ

|    |       |                                              |      |      |          |                          |
|----|-------|----------------------------------------------|------|------|----------|--------------------------|
|    |       | Кончак, хор                                  |      |      | Глазунов |                          |
| 25 | 4-акт | Ярославнаның сынсуу                          | 1875 | 1875 | Бородин  | Бородин                  |
| 26 | 4-акт | Хор                                          | 1879 | 1879 | Бородин  | Бородин                  |
| 27 | 4-акт | Ярославна мен Игорьдің речитативі және дуэті | 1876 | 1876 | Бородин  | Римский-Корсаков         |
| 28 | 4-акт | Гудочниктер әні, көрініс және хор            | —    | —    | Бородин  | Римский-Корсаков         |
| 29 | 4-акт | Соңғы хор: Скула, Ерошка, хор                | —    | —    | Бородин  | Бородин/Римский-Корсаков |

«Князь Игорь» операсының сахнаға шығару жүйесі (сценарийі).

**Картабаева Е.Т.**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарих, археология және этнология факультетінде қалыптасқан мамандықтардың бірі педагогикалық тарих мамандығы. Бұл мамандық үш сатылы білім беру түйесінің үшеуін де қамтиды. Мамандық аясында оқытылатын элективті пәндердің қатарында ислам тарихына қатысты бірқатар пәндер бар. Мысалы, бакалавриат пен магистратурада: «Діндер тарихы», «Әлемдік діндердің салыстырмалы тарихы» (ағылшын тілінде), «Исламдағы әр түрлі бағыттардың қалыптасу тарихы», «Орта ғасырлардағы араб-түрік мәдени байланыстарының тарихы», «Орталық Азиядағы сопылықтың тарихы», «Ислам тарихын оқытуда діни жүйелерді салыстырмалы талдау» атты пәндер оқытылады. Осы пәндердің ішінде конференцияда талқылауға ұсынылып отырылған менің авторлығыммен дайындалған «Ислам тарихын оқытуда діни жүйелерді салыстырмалы талдау» атты пәнді жүргізудегі ғылым мен білім беруді ұштастыру мәселесі болып отыр. Пәннің мақсаты Қазақстанның негізгі халқы ұстанатын ислам дінінің тарихын оқытуда басқа да әлемдік діндерді исламмен салыстыра отырып, бұл діндердің ортақ тұстары мен ерекшеліктерін анықтау болып табылады.

Қалыптасып отырған осы күрделі халықаралық жағдай қоғамдағы дін мәселесін қайта қарап, әсіресе дінаралық сұхбат мәселесіне ерекше көңіл бөрудің қажеттілігін анықтап отыр. Аталмыш бағыттағы іс жүзіндегі шараларды Елбасы Н.Ә.Назарбаев алғашқылардың бірі болып қолға алып, 2003 ж. әлемдік және дәстүрлі діндердің алғашқы съезін шақырғаны бәрімізге белгілі. Осы үлкен жиында сөйлеген сөзінде Президент: «Біртұтас діни кеңістік қалыптастыру мүмкін емес. Ұлы діндердің негізінде жатқан айырмашылықтарды жоюға да болмайды. Алайда тұрақты сұхбаттың құндылығы сонда, пікірлердің сануаландығына қарамастан алтын дінгек сақталады. Және ең бастысы – сұхбат бейбітшілік пен келісім территориясын, үйлесімділік пен ашықтық уақытын қалыптастырады. Діни сұхбаттың күмәнсіз құндылығын мен осыдан көремін», – деген болатын. Бүгінде біздің еліміз, әлемдік дін басшыларының құрылтайы өткізілетін тұрақты мекенге айналды. Жай ғана барлық дін өкілдері емес, әлемнің жетекші теологтары бас қосатын дәл осындай екінші жер ғаламшардың өзге жерінде жоқ.



РОӘК ОӘБ отырысы аясындағы  
«УНИВЕРСИТЕТТЕРДЕГІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ  
ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТІН ЖӘНЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ» атты  
47-ші ғылыми-әдістемелік конференциясының  
МАТЕРИАЛДАРЫ

26-27 қаңтар 2017 жыл

4-кітап

МАТЕРИАЛЫ  
47-ой научно-методической конференции  
«ПОВЫШЕНИЕ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ  
И ЭКСПОРТНОГО ПОТЕНЦИАЛА ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ  
УНИВЕРСИТЕТОВ»  
в рамках заседания УМО РУМС

26-27 января 2017 года

Книга 4

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2017

|                                                                                                                                                                      |     |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| Затов Қ.А. МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ДІН ҚАТЫНАСТАРЫ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....                                                                              | 127 |
| Ибрагимов М.Н., Нусупбаева С.А., Тойшубекова Ж.К. ОТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....                                           | 128 |
| Иманалиева Ғ.Қ. МЕДИА-МӘТІНДЕРІНДЕГІ ЭМОТИВТІ ҚҰРАЛДАРДЫҢ БЕРІЛУІ.....                                                                                               | 131 |
| Калыш А.Б., Исаева А.И. К МЕТОДОЛОГИИ ЭТНОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ.....                                                                                               | 134 |
| ✓ Қамзин К. «ЖУРНАЛИСТИКАҒА КІРІСПЕ» ПӘНІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕГІ КЛАССИКАЛЫҚ ӨНЕР ҮЛГІЛЕРІНІҢ РӨЛІ.....                                                                 | 136 |
| Қартабаева Е.Т. «ИСЛАМ ТАРИХЫН ОҚЫТУДА ДІНИ ЖҮЙЕЛЕРДІ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ» ПӘНІНДЕ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ БЕРУДІ ҰШТАСТЫРУ.....                                             | 141 |
| Касымов Г.М. ГАРМОНИЗАЦИЯ ПРОЦЕССА ОБУЧЕНИЯ ПОЛИЯЗЫЧИЮ ИЗ ПРАКТИКИ УНИВЕРСИТЕТА СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЯ.....                                                               | 143 |
| Кәрібаев Б.Б. ЕЛБАСЫНЫҢ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫН ЖОО СТУДЕНТТЕРІ АРАСЫНДА ТИІМДІ ТҮСІНДІРУ ЖОЛДАРЫ.....                                                                 | 145 |
| Ким А.М., Джаркешев К.И., Розалева Л.Н., Бредихина Я., Лоцанов М. МЕНТАЛЬНЫЙ ТРЕНИНГ И ЕГО РОЛЬ В САМОРАЗВИТИИ И САМООБРАЗОВАНИИ ЧЕЛОВЕКА В СПОРТЕ И ЖИЗНИ.....      | 146 |
| Конуспаев С.Р., Журтбаева А.А. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ РЕЗУЛЬТАТОВ НАУЧНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ПРИ ПОДГОТОВКЕ МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ.....                                               | 148 |
| Кудайбергенова С.К., Мадалиева З.Б., Баймолдина Л.О. ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ОРГАНИЗАЦИИ ЭКЗАМЕНАЦИОННОЙ СЕССИИ В ВУЗЕ.....                                          | 149 |
| Кулиев И.О., Иляшова Г.К. БІЛІМ БЕРУДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ РӨЛІ.....                                                                                       | 151 |
| Қыдырбаев Б.М. КОРЕЙ ТІЛІН ШЕТ ТІЛІ РЕТІНДЕ ОҚЫТУ ӘДІСІ.....                                                                                                         | 154 |
| Қылышбаева Б.Н., Дүйсенова С.М. МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ КОНФЛИКТОЛОГИИ ДЛЯ БУДУЩИХ СОЦИАЛЬНЫХ РАБОТНИКОВ.....                                                          | 156 |
| Қалиолла А., Анипина А.К. МӘДЕНИЕТТІК БІЛІМ – САПАЛЫ АУДАРМАНЫҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ.....                                                                                     | 158 |
| Қалымбетова Э.К., Болтаева А.М. БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ БАҒДАРЛАРДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ.....                                          | 160 |
| Қалымбетова Э.К., Дүйсенбеков Д.Д. ӨМІР БАРЫСЫНДА БОЛАШАҚ КӘСІБИ ЖОСПАРДЫ ҚҰРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСТАРЛАРЫ.....                                                       | 162 |
| Қамбарбекова Ғ.Ә. ШЫҒЫСТАНУШЫ МАМАНДАРЫН ДАЙЫНДАУДАҒЫ КАДРМЕН ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТЕРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕСІ.....                                                        | 164 |
| Қаражан Қ.С. ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДЫҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....                                                                               | 167 |
| Қожахметов Б.Т., Мукалиев Ж.Қ., Ақмолдаева Б.Қ. КАДАСТР МАМАНДЫҒЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІНЕ «ФОТОГРАММЕТРИЯ» ЖӘНЕ «ЖЕРДІ ҚАШЫҚТЫҚТАН ЗОНДЫЛАУ» ПӘНДЕРІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ..... | 169 |
| Қозыбақова Ф.А. ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДА КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТІ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ.....                                                                     | 171 |
| Қойбақова А.С., Шарыпқазы Н. ҚЫТАЙ ТІЛІН ҮЙРЕНУ МЕН ОҚЫТУДАҒЫ МӘДЕНИЕТТІҢ ОРНЫ.....                                                                                  | 173 |
| Қортабаева Г.Қ., Ешметова Б.Б. ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ФОНЕТИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАРДЫ ОҚЫТУ.....                                                                                | 174 |
| Құлжанова Б.Р. ӨЗ БЕТІНШЕ БІЛІМ АЛУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСІ.....                                                                                                             | 177 |
| Қыдыр Т. АРАБ, ПАРСЫ ТІЛДЕРІН ҮЙРЕНЕТІН СТУДЕНТТЕРГЕ ЕСКІ ҚОЛЖАЗБАЛАРДЫ ОҚЫТЫП ҮЙРЕТУДІҢ ОЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....                                                  | 178 |
| Лашук М. РАЗВИТИЕ АЭРОКОСМИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....                                                                                           | 179 |
| Махарова Г.С., Тастемирова Б.И. КЕЙБІР АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ҒЫЛЫМИ – ТЕХНИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ АУДАРМАДАҒЫ ПРАГМАТИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ.....                                   | 181 |
| Медетбекова П.Т., Исмаилова Н.А. ЖИЛІК СӨЗДІКТІҢ ТІЛДІ ОҚЫТУДАҒЫ ТИІМДІЛІГІ.....                                                                                     | 185 |
| Медеубекұлы С. ЖУРНАЛИСТИКА МАМАНДАРЫНЫҢ НАРЫҚТЫҚ ТАЛАПТАРҒА САЙ КӘСІБИ БІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ ТЕРМИНОЛОГИЯ ҚИЫНДЫҚТАРЫ.....                                          | 187 |
| Мәмбетова М.Қ., Мәмбетова А.Қ., Медетбекова П.Т. ТІЛДІК САНАДАҒЫ КЛИШЕЛІК ҚҰРЫЛЫМДАРДЫ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ.....                                                           | 191 |
| Мәтбек Н.Қ. ШЕТЕЛДІК ТЫҢДАУШЫЛАРҒА ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖАЛҒАУЛАРЫН МЕҢГЕРТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....                                                                                | 194 |
| Мәтбек Н.Қ., Оразбаева Х.Қ. ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ ТЫҢДАУШЫЛАРЫНА ҚАЗАҚ ТІЛІН ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕ МЕҢГЕРТУ ЖОЛДАРЫ.....                                                         | 196 |
| Мәулет Б., Ахметбек Г. ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ КҮРДЕЛІ СӨЗДЕРДІ ОҚУТЫДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ.....                                                                                     | 198 |